



Қазақстан Республикасында жергілікті өзін-өзі басқаруды дамытудың 2025 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 18 тамыздағы № 639 Жарлығы.

Қазақстан Республикасы
Президенті мен Үкіметі
актілерінің жинағында
жариялануға тиіс

Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 14 қыркүйектегі № 413 Жарлығымен бекітілген Мемлекет басшысының 2020 жылғы 1 қыркүйектегі "Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі" атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі жалпы ұлттық іс-шаралар жоспарының 141-тармағына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасында жергілікті өзін-өзі басқаруды дамытудың 2025 жылға дейінгі тұжырымдамасы бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі осы Жарлықтан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Осы Жарлықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне жүктелсін.

4. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Қ.Тоқаев

Қазақстан Республикасы
Президентінің
2021 жылғы 18 тамыздағы
№ 639 Жарлығымен
БЕКІТІЛГЕН

Қазақстан Республикасында жергілікті өзін-өзі басқаруды дамытудың 2025 жылға дейінгі ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ

1-бөлім. Ағымдағы жағдайды талдау

Қазақстан Республикасында жергілікті өзін-өзі басқарудың өзіндік моделі қалыптасты және даму үстінде, ол мыналарға:

1) өңірлік, жергілікті өкілді және атқарушы билік органдарының мемлекеттік басқару мен өзін-өзі басқару функциялары мен өкілеттіктерін қоса атқаруына;

2) азаматтардың жергілікті қоғамдастық мүшелері ретінде жергілікті маңызы бар анағұрлым маңызды мәселелерді шешуге тікелей немесе сайланбалы органдар арқылы қатысуына негізделген.

Мемлекет пен азаматтық қоғам институттарының дамуына байланысты көп кезенді және серпінді процесс ретінде жергілікті өзін-өзі басқарудың қалыптасуы Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 28 қарашадағы № 438 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту тұжырымдамасында көрініс тапты.

2013 - 2020 жылдары Жергілікті өзін-өзі басқаруды дамытудың алдыңғы тұжырымдамасын іске асыру шеңберінде мынадай негізгі нәтижелерге қол жеткізілді:

1) жергілікті өзін-өзі басқару органдары ұйымдастырылды, жергілікті қоғамдастықтарды қалыптастыру, олардың жиналыстары мен жиындарын өткізу тәртібі, сондай-ақ олардың өкілеттіктері регламенттелді;

2) тиісті аудандар мен облыстық маңызы бар қалалар мәслихаттарының аудандық маңызы бар қала, ауылдық округ, ауылдық округтің құрамына кірмейтін кент және ауыл (бұдан әрі - ауылдық округ) әкімдерін сайлауы енгізілді;

3) астана, республикалық және облыстық маңызы бар қалалар әкімдіктерінің жанынан халықпен өзара іс-қимыл мәселелері жөніндегі консультативтік-кеңесші органдар ретінде жергілікті өзін-өзі басқарудың аумақтық кеңестері құрылды;

4) барлық деңгейдегі әкімдердің өздеріне сеніп тапсырылған әкімшілік-аумақтық бірліктерді одан әрі дамытудың міндеттері мен негізгі бағыттары, проблемалы мәселелер мен оларды шешу жөніндегі жоспарлар туралы хабардар ете отырып, халықпен жыл сайынғы негізде есеп беру кездесулерін өткізу практикасы енгізілді;

5) жергілікті өзін-өзі басқарудың институционалдық және экономикалық негіздерін онтайландыруға және нығайтуға бағытталған шаралар кешені қабылданды.

2018 - 2020 жылдары барлық ауылдық округтерде бюджет жүйесінің төртінші деңгейі енгізілді. Ауылдық округтер өз бюджетін қалыптастырып, жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық меншігін басқара бастады. Ауылдық округтің бюджеті салықтардан, төлемдерден, айыппұлдардан, ерікті алымдардан, коммуналдық мүліктен түсетін кірістерден, сондай-ақ жоғары тұрған бюджеттен берілетін субвенциялардан қалыптаса бастады.

Тұрғындар төлейтін кейбір салықтар, оның ішінде жер, көлік, мүлік, жеке табыс салығы және басқалары ауылдық округте қала бастады. Тиісінше азаматтар өз салықтарының қайда жұмсалғанын көруге мүмкіндік алды.

Қазіргі уақытта жергілікті өзін-өзі басқарудың кірістері салық түсімдерінің алты түрінен, түрлі төлемдерден, айыппұлдардан, коммуналдық мүліктен түсетін кірістерден және жоғары тұрған бюджеттен берілетін трансферттерден қалыптасады.

2020 жылдың көрсеткіштері бойынша жергілікті өзін-өзі басқару бюджетінің кірістері 252 млрд теңгені құрады, оның шамамен 34 млрд теңгесі немесе 13,4%-ы - меншікті кірістер және 218 млрд теңгесі - жоғары тұрған бюджеттен берілетін трансферттер.

Сонымен бірге, жеке тұлғалардың өз бетінше салық салуға жататын кірістері бойынша жеке табыс салығының төмендеуі байқалды, бұл 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап шағын кәсіпкерлік субъектілері үшін кірістерден салық төлеуге мораторийдің енгізілуіне байланысты.

Ауылдық округтің орташа бюджеті шамамен 107 млн теңгені құрайды. Сонымен қатар, ауылдық округтердің халық саны мен экономикасына байланысты жергілікті өзін-өзі басқару бюджеттерінде қатты сәйкессіздік байқалады. Мәселен, жергілікті өзін-өзі басқарудың ең аз бюджеті - 2,8 млн теңгені, ал ең көп бюджеті 2,5 млрд теңгені құрайды.

Объектілердің бір бөлігі - мәдениет үйлері, мүліктік кешендер түріндегі балабақшалар, ортақ пайдаланылатын объектілер (автомобиль жолдары, елді мекендердің көшелері, саябақтар, скверлер, демалыс орындары, ескерткіштер және өзгелер) аудандық деңгейден жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық меншігіне берілді.

Ауылдық округтер деңгейінде өкілді органның болмауына байланысты бюджетті бекітуді аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихаты ол жергілікті қоғамдастық жиналысында келісілгеннен кейін жүзеге асырады, ал атқарылуы ауылдық округ әкімінің аппаратына жүктеледі.

Жергілікті қоғамдастық жиналысына жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық меншігін басқару, бюджетті келісу, бюджет қаражатының пайдаланылуына мониторинг жүргізу, жергілікті қоғамдастықты дамыту бағдарламасын бекіту, сондай-ақ ауылдық округ әкімінің лауазымына аудан әкімі ұсынған кандидатураларды келісу және оны лауазымынан босату туралы мәселеге бастама жасау жөніндегі өкілеттіктер берілді.

Ауылдық округ әкімдеріне жер учаскелерінің нысаналы пайдаланылуын, абаттандыру, көгалдандыру қағидаларының сақталуын бақылау және ауылдық округтердің тыныс-тіршілігін қамтамасыз етудің басқа да мәселелері бойынша өкілеттіктер берілді. Жалпы, ауылдық округ әкімдеріне әкімшілік айыппұлдардың жиырма түрі берілді.

Заңнамаға сәйкес ауылдық округ әкімі тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында тиісті аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімдігінің лауазымды адамы болып табылады.

Ауылдық округ әкімінің аппараты бюджетті жоспарлауды және атқаруды, жергілікті қоғамдастықты дамыту бағдарламасын әзірлеуді және т.б. қамтамасыз етеді.

Жалпы, 2021 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 6,4 мың елді мекенді әкімшілік басқаруды 2 345 жергілікті қоғамдастықта, оның ішінде 48 аудандық маңызы бар қалада, 26 кентте, 85 дербес ауылда, сондай-ақ 6 231 ауыл мен 4 кенттен тұратын 2 186 ауылдық округте әкімдер және олардың аппараттары жүзеге асырады.

2-бөлім. Жергілікті өзін-өзі басқарудың проблемалары

Жергілікті өзін-өзі басқарудың қолданыстағы моделінде жиынтығы оның толыққанды жұмыс істеуіне кедергі келтіретін бірқатар шешілмеген мәселелер бар.

Ең алдымен, басқару жүйесінің тиімділігін арттыру және институционалдық ортаны жетілдіру үшін жергілікті өзін-өзі басқаруды одан әрі дамыту жөніндегі бағыттар мен шараларды айқындау, жергілікті мемлекеттік басқару мен жергілікті өзін-өзі басқарудың жауапкершілік аймақтарының аражігін ажырату, жергілікті мемлекеттік басқару органдарымен қосарлануды болдырмай, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мәртебесін, функциялары мен өкілеттіктерін нақтылау қажет.

Ауылдық округ әкімінің аудандық деңгейге әкімшілік және қаржылық жағынан, оның ішінде ауылдық округте өкілді органның болмауына байланысты тәуелділігі оның жергілікті тұрғындардың өзекті проблемаларын шешуге назар аударуына мүмкіндік бермейді.

Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару деңгейлері арасындағы жауапкершілік аймағының айқын болмауы көп жағдайда ауылдық округтер деңгейінде жоспарлау және орындау жүйесінің теңгерімсіздігіне алып келеді. Өз кезегінде, аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімі ауылдық округ әкіміне соңғысының құзыретіне кірмейтін функцияларды жүктейтін жағдайлар да болады.

Бүгінгі күні ауылдық округ әкімінің аппаратын аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімдігі құрады, таратады және қайта ұйымдастырады.

Өз кезегінде ауылдық округ әкімі аппаратының жұмысына қойылатын талаптар (ұйымдастырушылық, кадрлық, қаржылық және басқалар) орталық мемлекеттік органдар мен олардың қызметкерлерінің жұмысына қойылатын талаптарға ұқсас.

Құжаттамасы жоқ коммуналдық меншік объектілерін (жолдар, құбыржолдар, ғимараттар және басқалар) қаржыландыру мүмкіндігінің болмауына байланысты жүйелі проблемаларды да шешу қажет. Бүгінгі күні ауылдық бюджеттер үшін құжаттарды ресімдеу көрсетілетін қызметтер құнының айтарлықтай жоғары болуына байланысты қиын болуда.

Өңірлердің әлеуметтік-экономикалық даму мәселелерін шешуде жоғары әлеуетке ие бола отырып, жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту бүгінгі күні жете бағаланбай отыр. Осыған байланысты Қазақстанда мемлекеттілікті дамытудың негізгі міндеттерінің бірі азаматтарды жергілікті маңызы бар мәселелер бойынша шешімдер қабылдау процесіне тарту болып табылады.

2013 жылы ауылдық округ әкімдерінің жанама сайлауын өткізу халықтың азаматтық белсенділігін арттыруға толықтай ықпал еткен жоқ.

Халықтың мәслихат депутаттарына, олардың қызметіне деген сенім деңгейінің төмен екені байқалуда.

Заңнамалық негіздің болуына қарамастан, азаматтардың жергілікті өзін-өзі басқару мәселелерінде белсенділігінің төмен болуына байланысты жергілікті атқарушы органдардың халықпен өзара іс-қимылының тиімділігі төмен болып табылады.

Жергілікті деңгейде әлеуметтік желілерде кеңінен талқыланатын қоғамдық маңызы бар мәселелерге мемлекеттік органдардың проактивті ден қоюы жоқ.

Жүргізіліп жатқан өкілеттіктерді орталықсыздандыруға байланысты мемлекеттік аудит органдарының қызметін күшейту талап етіледі, себебі тексеру комиссияларының тиімді жұмысына кедергі келтіретін бірқатар проблемалы мәселелер бар.

Мәселен, тексеру комиссияларының жергілікті атқарушы органдарға қаржылық тәуелділігі байқалады. Бұдан басқа, тексеру комиссияларының мүшелерін тағайындаудың қолданыстағы тәртібі жүргізілетін аудиторлық іс-шаралардың тиімділігін арттыруға толық көлемде ықпал етпейді.

Әкімшілік-аумақтық құрылысты жетілдіру әдіснамасының жоқтығы өңірлер экономикасының дамуын тежейтін маңызды фактор болып табылады.

Бүгінгі таңда елімізде өңірлер (елді мекендер) арасында экономиканың дамуы мен география бойынша ғана емес, халықтың саны мен аумақ көлемі бойынша да сәйкессіздіктер байқалады.

Мәселен, 6 мыңнан астам ауылдық елді мекеннің 3,5 мыңы ғана (тірек және спутниктік) даму әлеуетіне ие.

Халқының саны 10 мың адамнан асатын ірі ауылдар, сондай-ақ халқының саны 10 мың адамнан аз шағын қалалар бар.

Оның үстіне, кент және ауыл сияқты елді мекен санаттарының арасында экономика құрылымы, сыртқы келбеті, сондай-ақ тұратын азаматтар саны бойынша айырмашылықтар жоқ.

3-бөлім. Халықаралық тәжірибені шолу

Жергілікті өзін-өзі басқару бүкіл әлемде қалалық және ауылдық елді мекендер тұрғындарының жергілікті маңызы бар істерді басқаруға және өмірлік маңызы бар мәселелерді тікелей шешуге мүдделі қатысуын қамтамасыз ететін ең пәрменді тетіктердің бірі, сондай-ақ өңірлік дамудың іргетасы болып табылады.

Қазақстанда өңірлердің даму деңгейінің күрт саралану проблемасын шешу үшін "өзін-өзі басқару органдарының мемлекеттік істердің қомақты бөлігін регламенттеу және заң шеңберінде әрекет ете отырып, оны өзінің жауапкершілігі мен жергілікті халықтың мүддесі үшін басқару құқығы мен соған нақты қабілетін" (Еуропалық жергілікті өзін-өзі басқару хартиясы, 3-1-бап) қоса алғанда, барлық тетіктерді іске қосу қажет.

Әлемдік тәжірибе көрсетіп отырғандай, азаматтардың өздерінің белсенділігі, биліктің бақылауда болу және халық алдында есеп беру тетіктерін жасау ғана олардың өмір сүру сапасы мен жағдайларын, қоғамдық көрсетілетін қызметтер ұсынуды жақсартып алады.

Қазақстан үшін бұл тұрғыда мемлекеттік басқаруды және өңірлік дамуды жетілдіру саласындағы барынша тиімді стандарттарды айқындайтын Экономикалық

ынтымақтастық және даму ұйымына (ЭЫДҰ) мүше болып табылатын елдердің тәжірибесі маңызды және қызықты.

Осыған байланысты, жергілікті өзін-өзі басқару моделі, сондай-ақ географиялық және демографиялық сипаттамалары бойынша Қазақстан Республикасымен салыстыруға болатын елдердің тәжірибесі зерделенді.

Польша

Польшада субұлттық үкіметтің үш деңгейлі жүйесі бар. Бірінші деңгей - гминалар, екінші деңгей - повяттар, үшінші деңгей - воеводстволар.

Гмина басқармасы гминаның атқарушы органы болып табылады. Гминаны бургомистр (ірі елді мекеннің әкімі) немесе воит (ауылдық округтің әкімі) басқарады.

1991 жылдан бастап бургомистрлерді сайлауды гмина кеңесінің депутаттары жүзеге асырды, 2002 жылдан бастап қана бургомистрді тұрғындардың өздері тікелей дауыс беру жолымен сайлай бастады. Польшада тікелей дауыс беру арқылы сайланған гмина мэрі президент деп аталады және төрт жылға сайланады.

Поляк муниципалитеттері функциялардың төрт негізгі тобын орындайды: кеңістікті басқару; бастауыш және ішінара орта білім беру; әлеуметтік қорғау, сондай-ақ коммуналдық көрсетілетін қызметтер мен инфрақұрылым.

Өкілді орган бірнеше муниципалдық қауымдастықтан тұрады, бұлар - гминалар және қалалар кеңесі, повяттар кеңесі, воеводстволар кеңесі және метрополиялар кеңесі.

Гминада шешім қабылдайтын және бақылауды жүзеге асыратын орган гмина кеңесі болып табылады. Кеңесте 15-тен 100-ге дейін депутат болуы мүмкін. Гмина басқармасының қызметін бақылауды жүзеге асыру үшін кеңес гмина бюджетінің атқарылуын бақылайтын тексеру комиссиясын құрады.

Кеңестің айрықша өкілеттіктеріне: гминаның жарғысын қабылдау, гминаның басқармасын сайлау және тарату, оның қызметінің бағыттарын айқындау және оның жұмысы туралы есептерді бекіту, гминаның қазынашысын, сондай-ақ гминаның хатшысын тағайындау және босату жатады.

Гминалардың, повяттар мен воеводстволардың кіріс көздері: меншікті кірістерден, өзін-өзі басқару органдарының өз өкілеттіктерін (білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, жолдар және басқалар) орындауына арналған жалпы мемлекеттік субвенциялардан, мемлекеттік бюджеттің нысаналы дотацияларынан тұрады.

Меншікке салынатын муниципалдық салықтар мүлікке, жер мен ғимаратқа, ауыл шаруашылығы жеріне, орманға, азаматтық-құқықтық операцияларға, көлік құралдарына, мұраға, сыйға тартуға және басқаларға салынатын салықтарды қамтиды. Муниципалитеттер заңмен айқындалатын жоғары салықтық шектерде салық мөлшерлемелерін белгілеуге және белгілі бір ерекшеліктерге жол беруге құқылы.

Франция

Францияда жоғарғы деңгейде - өңірлерді, аралық деңгейде департаменттерді және төменгі деңгейде муниципалитеттерді (округтер мен коммуналар) қамтитын үш деңгейлі субұлттық жүйе басым.

Мэр және оның орынбасарлары коммуналар деңгейінде муниципалитет кеңесінің атқарушы органын құрайды және оларды муниципалдық кеңес өз мүшелерінің қатарынан ғана мажоритарлық жүйе бойынша жасырын дауыс беру арқылы алты жылдық мерзімге сайлайды.

Мэрдің: муниципалдық қызметтерді басқару, басқарушы персоналды тағайындау, құрылысқа рұқсаттар беру, азаматтық хал актілерін тіркеу, азаматтардың жалпы қауіпсіздік шараларын қамтамасыз ету, мемлекеттік заңдар мен қаулыларды жариялау, сайлауды ұйымдастыру, әскери міндеттілердің тізімін жасау, азаматтық қорғанысты ұйымдастыру, бастауыш мектептердің жұмыс істеуін қадағалау өкілеттіктері бар.

Муниципалитеттердің халық тікелей жалпыға бірдей дауыс беру арқылы алты жыл мерзімге сайлайтын өзінің жеке кеңесші жиналысы болады. Коммунаның кез келген салық төлеушісі муниципалдық кеңестің депутаты бола алады.

Жұмысы қанағаттанғысыз болған жағдайда префект мэрді өз өкілеттіктерін орындаудан уақытша шеттетуі мүмкін. Префект орталық үкіметтің шенеунігі болып табылады және өзінің департаментінде орталық үкіметтің көптеген функциялары үшін жауап береді, сондай-ақ әкімшілік биліктің неғұрлым төмен деңгейлері мен Ішкі істер министрлігі арасындағы байланыстырушы буын болып табылады. Префект, сонымен қатар жергілікті өзін-өзі басқару органдарына ұсынымдар бере алады және өз департаментіндегі ішкі тәртіп пен қауіпсіздікке жауап береді. Мэрді префект ғана, ал префектіні өз кезегінде, министр ғана тәртіптік жазаға тартуы мүмкін. Қазақстанда мұндай жоқ.

Францияда аумақтық қоғамдастықтар жария құқықтың заңды тұлғалары болып табылады. Бұл дербес бюджетті қалыптастыру, сотта өз мүдделерін қорғау мүмкіндігін және басқаларды болжайды.

Кеңестің қаржылық өкілеттіктеріне бюджетті қабылдау және коммуналдық салық мөлшерлемелерін айқындау, мүлікті сатып алу, сату, жалға беру және мүлікті "қоғамдық" санатқа жатқызу, аумақтарды жайластырудың коммунааралық жоспарларын әзірлеу және бекіту кіреді.

Меншікті көздерден алынатын салық жүйесі төрт негізгі жергілікті салыққа: тұруға арналған салыққа, жылжымайтын мүлік салығына, құрылыс, жер салығына және "аумақтық экономикалық салымға" негізделген.

Муниципалитеттер осы салық мөлшерлемелерін белгілеу үшін дауыс бере алады, бірақ олар орталық үкімет белгілеген шектеулерді сақтауға тиіс және салық базасын өз бетінше айқындауға құқығы болмайды.

Орталық үкіметтен түсетін трансферттер үш мақсатты көздейді: өтемақы (жергілікті бюджеттерді тұрақтандыру), теңестіру (кірістер теңсіздігін азайту) және бағдарлау (салалық саясатты әзірлеу).

Коммуналдық сайлауға қатысу есебінен көптеген басқа азаматтар қауымдастықтар мен консультативтік органдарға катысады. Жергілікті халықтың консультативтік референдумдарға бастама жасауға құқығы бар. Консультативтік референдум азаматтардың көпшілігінің белгілі бір мәселе бойынша еркі мен пікірін анықтауға мүмкіндік береді. Референдум тиісті билік органдарының халықтың мүдделерін ескеру негізінде шешімдер қабылдауы мақсатында тұрғындардың пікірін анықтау нысаны ретінде қаралады,

Германия

Германияда штаттардан, округтерден және муниципалитеттерден тұратын үш деңгейлі субұлттық басқару жүйесі бар.

Германия федеративті мемлекет болғандықтан, федералды жерлерде жергілікті атқарушы органдардың басшыларын тағайындау тәртібі әртүрлі, оларды, мысалы, Баварияда тікелей муниципалитеттің азаматтары сайлайды.

Барлық жерлерде ауданның атқарушы билігінің басшысы тиісті ауданның мемлекеттік әкімшілігінің басшысы болып табылады. Бургомистр (бұл Германия үшін дәстүрлі атау), мэр немесе коммунаның директоры жергілікті әкімшіліктің басшылығы болып табылады.

Кейбір жерлерде арнаулы бақылау органдары құрылғанымен, жергілікті өзін-өзі басқару органдары қабылдайтын шешімдердің заңдылығын бақылауды жоғары тұрған деңгейдегі мемлекеттік әкімшілік жүзеге асырады.

Гессен жерін қоспағанда, барлық жерлердегі муниципалитеттер "кеңестер жүйесіне" сәйкес басқарылады, онда жергілікті кеңес жерге байланысты жалпыға бірдей тікелей дауыс беру арқылы төрт жылдан алты жылға дейінгі мерзімге сайланады. Жалпыға бірдей тікелей дауыс беру арқылы төрт жылдан тоғыз жылға дейінгі мерзімге сайланатын мэр жергілікті кеңесті және атқарушы органды басқарады.

Муниципалдық әкімшіліктің функцияларына сумен жабдықтауды және су бұруды, жылуды, көше жарығын қамтамасыз ету; өрт сөндіру қызметі; абаттандыру және көгалдандыру; муниципалдық жолдар мен балабақшаларды күтіп ұстау кіреді.

Барлық жердегідей өкілді органды тікелей халық сайлайды.

Кеңес өкілеттіктерінің ұзақтығы 4 (Гессен) жылдан 6 (Бавария) жылға дейін болады

Жалпыға бірдей дауыс беру жолымен сайланатын кеңес өз құрамынан кеңес төрағасын сайлайды. Сонымен бір мезгілде кеңес дауыс беру арқылы кәсіби басқарушылар қатарынан алқалы атқарушы органды - магистратты тағайындайды.

Кеңестердің өкілеттіктері саласына ауруханалардың, мектептердің қызметі, әлеуметтік көмек көрсету, қоқысты шығару және қайта өңдеу, қоғамдық көлік кіреді.

Қауымдардың халықтан жергілікті салықтарды және ең алдымен, жер салығы мен кәсіпкерлік қызметке салынатын салықты жинау мүмкіндігі бар. Бұдан басқа, жергілікті өзін-өзі басқару органдары федералдық салықтар мен федерация субъектілерінің салықтарынан аударымдар алады.

Маңызды мәселелер азаматтардың жиналысында немесе конференцияларда (Btirgerversammlung) талқыланады. Азаматтардың жиналысын мэр немесе электораттың кемінде 10%-ы жылына бір рет шақыруға тиіс. Бұдан басқа, азаматтардың муниципалдық кеңестен белгілі бір мәселені шешуді сұрауға құқығы бар. Бұл құқық кеңес немесе кеңестің комитеті қабылдап қойған шешімге қарсы бағытталуы да мүмкін. Сұрау салуды электораттың кемінде 30%-ы қолдауға тиіс. Сонымен қатар референдум өткізу мүмкіндігі де бар. Референдумға муниципалдық кеңес (үштен екі көпшілік дауыспен) немесе азаматтар (электораттың кемінде 15%-ы) бастама жасауы мүмкін.

Финляндия

Муниципалитетте мүшелерін муниципалдық кеңес төрт жылдық мерзімге тағайындайтын атқарушы кеңес болады. Бір адам жергілікті және атқарушы кеңестің төрағасы болып сайлана алады. Басқарма муниципалдық кеңес қабылдаған шешімдерді дайындауға және орындауға жауапты болады.

Финляндияда әкімшілік басшысы сайланбайды. Муниципалдық басқарманы кәсіби муниципалдық менеджер басқарады, оны кеңес тағайындайды және ол кеңестің алдында жауапты болады. Муниципалдық басқармада жұмыс істейтін барлық мамандар сияқты менеджер де сайлаудан кейін өз орнын сақтайды және оның нәтижесіне тәуелді болмайды.

Муниципалитеттегі басты орган муниципалдық кеңес болып табылады. Кеңес мүшелерін әрбір төрт жыл сайын жергілікті сайлауда халық сайлайды. Кеңестің құрамына муниципалитет халқының санына қарай 17-ден 85-ке дейін мүше кіреді. Барлық партиялар саяси шешімдерге қатысады.

Муниципалдық кеңес жергілікті бюджетті қабылдайды, сондай-ақ жергілікті салықтар мен алымдарды белгілейді. Орта есеппен жергілікті бюджет кірістерінің 47%-ы - жергілікті салықтардан түсетін түсімдер, 27%-ы - қосымша кірістер, 19%-ы - мемлекеттік субсидиялар, 4%-ы - қарыздар, 2%-ы - инвестициялық кірістер және 1%-ы - өзге де кірістер.

Жергілікті салықтық кірістердің басты көзі - муниципалитет тұрғындары жалақысының 15%-ынан 21%-ына дейін құрайтын жалақыға салынатын салық. Муниципалдық кеңес бұл пайызды жыл сайын белгілейді.

Мемлекеттік субсидиялар коммуналарға міндетті қызметтердің көрсетілуін қамтамасыз ету үшін, бірақ негізінен бай және кедей муниципалитеттердің кірістерін теңестіру үшін беріледі. Анағұрлым дамыған бірнеше муниципалитет субсидия алмайды. Бюджеттің қосымша кірістері белгілі бір көрсетілетін қызметтерге байланған муниципалдық алымдар есебінен қалыптасады.

Атқарушы кеңестен басқа тексеру комиссиясы және кәсіби аудиторлар бар.

Азаматтық бастамаларды ұсыну үшін онлайн-платформа (Kansalaisaloite.fi) құрылған. Бұл - азаматтардың бастамалар жасауына және осы бастамаларды қолдау үшін жазбаша өтініштер жинауына мүмкіндік беретін онлайн-жүйе. Дауыс беруге құқығы бар барлық фин азаматтарының бастама жасауға құқығы бар. Азаматтық бастамалардың үш типі болады: (1) жаңа заңнама ұсыну; (2) қолданыстағы заңнамаға өзгерістер ұсыну немесе (3) қолданыстағы заңнаманың күшін жоюды ұсыну.

Финляндияның барлық электрондық қатысу қызметтеріне жеке веб-платформалар арқылы онлайн қолдау көрсетіледі. Функционалдылық әрбір платформаға жауапты мемлекеттік органдар жүргізетін тұрақты жаңартулардың арқасында сақталады.

Канада

Жалпы алғанда, жергілікті өзін-өзі басқару құрылымы провинциядан провинцияға өзгеріп отырады, алайда муниципалдық кеңестер мен әкімшіліктер негізгі бірліктер болып табылады. Бір деңгейлі муниципалдық түзілімнің өкілеттіктерін сайлаушылар сайлайтын кеңес жүзеге асырады.

Мәрдi және бас магистратты әрқашан муниципалитеттің барлық сайлаушылары сайлайды.

Муниципалдық билік органдары кітапханалар, саябақтар, коммуналдық сумен жабдықтау жүйелері, жергілікті полиция, жолдар мен автотұрақтар үшін жауапты болады.

Алқалы өкілді органды (кеңесті) тиісті муниципалдық бірліктердің халқы бөлек сайлайды. Кеңеске сайлау көп мандатты бірыңғай округ бойынша да, бір мандатты округтер бойынша да өткізілуі мүмкін.

Ірі муниципалитетте кеңес бірнеше ондаған депутатты қамтуы мүмкін. Орташа статистикалық муниципалитетте кеңес он - жиырма мүшеден тұрады.

Көптеген провинциялар муниципалдық түзілімдерде аумақтық органдарды - жергілікті өзін-өзі басқару органдары қызметінің кейбір аспектілерін қадағалауды жүзеге асыратын комиссияларды немесе алқаларды құрады.

Көпшілік провинцияларда жергілікті сайлау төрт жылда бір рет өткізіледі.

Муниципалитеттің кіріс көздері негізінен меншік салығынан, халықтың муниципалдық көрсетілетін қызметтерге төлейтін төлемақыларынан, провинциялық үкіметтер тарапынан берілетін қаржылық қолдаудан, әртүрлі лицензиялар мен біржолғы рұқсаттар үшін төлемдерден тұрады.

Меншік салығының мөлшерлемесін жергілікті кеңес белгілейді.

Азаматтарға кеңестің немесе комитеттің отырыстарын көруге, отырыста сөз сөйлеуге, кері байланыс жасауға, петиция беруге, муниципалдық сайлауларда дауыс беруге және басқа да мүмкіндіктер берілген.

Аустралия

Аустралияда кеңес жергілікті өзін-өзі басқарудың басшы органы болып табылады. Ол кеңесшілер мен мэрден тұрады. Кеңес мүшелерінің саны алтыдан он беске дейін болуы мүмкін.

Кеңес мүшелерін сайлау әдістері преференциялық немесе біржолғы дауыс беруді, пропорционалды өкілдік етуді және "ізашар" жүйесін қамтиды.

Мэрлерді тікелей сайлаушылар немесе жанама түрде алқа сайлауы мүмкін, екі жағдайда да мерзімі бір жылдан төрт жылға дейін болады.

Жергілікті кеңестерге сайлау жүйесі штатқа немесе аумаққа байланысты түрленеді.

Кейбір штаттарда ерікті дауыс беру бар, ал басқаларында - кеңестерге сайлау үшін сайлаушылардың келуін арттыру мақсатында міндетті немесе жалпыға бірдей пошта арқылы дауыс беру бар.

Өкілді орган құрамына резиденттер, бейрезидент-меншік иелері және бейрезидент-меншікті жалға алушылар кіретін таңдаушылардан тұрады.

Әрбір кеңес өзінің жергілікті қоғамдастығының қажеттіліктеріне жауап беруге және оларды қамтамасыз етуге тиіс.

Жергілікті өзін-өзі басқару жеке қоғамдастықтар үшін қажетті көрсетілетін қызметтер мен инфрақұрылымның толық спектрінің - саябақтардың, бақтардың, жолдардың, көшелердің, көпірлердің, кітапханалардың және бассейндерге қызмет көрсетудің жұмыс істеуі мен ұсынылуы үшін жауап береді.

Меншік салығы көптеген жергілікті билік органдарының негізгі кіріс көзі болып табылады. Әрбір жергілікті үкімет алынатын төлемнің мөлшері мен типін айқындайды. 1995 жылғы Жергілікті өзін-өзі басқару туралы заң және 1978 жылғы Жерді бағалау туралы заң меншіктің салық салынатын құнын бағалау әдістерін және алынуы мүмкін мөлшерлемелердің типтерін белгілейді.

Штаттың жергілікті үкіметтер туралы заңнамасында кеңестер барлық маңызды мәселелер бойынша, атап айтқанда, көрсетілетін қызметтерді ұсыну, оның ішінде жергілікті қоғамдастықты дамыту, сондай-ақ ұзақ мерзімді стратегиялық жоспарлар бойынша өз қоғамдастықтарымен консультация жасауға тиіс деп көзделген.

Жалпы алғанда, жергілікті өзін-өзі басқару жүйесінің жұмыс істеуінің шетелдік тәжірибесі оның жергілікті қажеттіліктерге бағдарлануының және қала мен ауыл халқының үмітіне сәйкес келуінің маңызды екенін көрсетеді.

Қазақстан үшін жергілікті атқарушы органдар басшыларының тікелей сайланбалығы, өкілді орган құру және олардың өкілеттіктері бөлігінде Аустралияның, Польшаның, Германия мен Канаданың тәжірибесін пайдалану ұсынылады.

Бұл ретте, Аустралия мен Канадада осы лауазымдарға кандидаттар үшін жасы бойынша төменгі шек - 18 жас, Польшада - кемінде 25 жас (елдің дауысқа түсу құқығынан айырылмаған кез келген азаматы бурмистр бола алады) екеніне қарамастан, білім беру жүйесінің ерекшеліктері ескеріле отырып, 25 жас ауыл әкімдері үшін ең қолайлы жас болып табылады.

Аустралияның, Канада мен Польшаның атқарушы органдары жергілікті халықтың тыныс-тіршілігін қамтамасыз ету бойынша көрсетілетін қызметтер ұсынуды қамтитын өкілеттіктердің кең спектріне ие.

Қарастырылған барлық елдерде жергілікті өзін-өзі басқару деңгейіндегі өкілді органдар бар. Бұл ретте Аустралияда, Германия мен Финляндияда өкілді органдардың құрамын азаматтар сайлайды.

Сонымен қатар қарастырылған барлық елдерде кірістер жоғары тұрған деңгейден берілетін дотациялар есебінен де, салықтар мен төлемдер түріндегі өз кірістері есебінен де қалыптасады. Бұл ретте өкілді органдардың салық мөлшерлемелерін реттеуге және олардың түрлерін белгілеуге құқығы бар. Польша мен Францияда нысаналы дотациялар және гранттарды бөлу бар, олар муниципалитеттердің бюджеттеріндегі нақты мақсаттарға және диспропорцияларды теңестіруге жұмсалады.

Азаматтарды жергілікті өзін-өзі басқаруға тартуда маңызды рөл атқаратын азаматтық бастамалар үшін электрондық портал құру бөлігінде Финляндияның тәжірибесін де назарға алған жөн.

Халықаралық тәжірибені зерделеу нәтижелері бойынша Қазақстан Республикасында жергілікті өзін-өзі басқаруды дамытудың 2025 жылға дейінгі осы тұжырымдамасында (бұдан әрі - Тұжырымдама) еліміздің нақты жағдайы ескеріле отырып, жергілікті өзін-өзі басқаруды дамытуға бағытталған мынадай:

атқарушы органның басшысын (әкімді) тікелей азаматтардың сайлауын енгізу;

аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер деңгейінде өкілді орган құру;

аудандық маңызы бар қалаларға, ауылдарға, кенттерге, ауылдық округтерге салықтар мен төлемдер бойынша мөлшерлемелерді реттеу құқығын беру;

атқарушы органдарға тыныс-тіршілікті қамтамасыз ету бойынша қызмет көрсету мүмкіндігін беру және т.б. құралдар қолданылды.

4-бөлім. Жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту үрдістері мен пайымы

Жергілікті өзін-өзі басқарудың тиімді жүйесін құру саяси жүйені жетілдіру және демократияны дамыту шеңберінде Қазақстанның әлемнің ең дамыған 30 мемлекетінің қатарына кіруі жөніндегі тұжырымдамада мәлімделді.

Осы мақсатпен жергілікті өзін-өзі басқаруды одан әрі дамытуға кедергі келтіретін түйінді проблемаларды шешу жөнінде шаралар қабылдау қажет.

Жергілікті мемлекеттік басқару мен жергілікті өзін-өзі басқарудың өкілеттіктері мен жауапкершілік салаларының аражігін ажырату

Ел дамуының қазіргі кезеңінде мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыру мақсатында өкілеттіктерді одан әрі орталықсыздандыру және жергілікті өзін-өзі басқарудың пәрменді жүйесін құру қажет болып отыр.

Осыған байланысты мүліктік құқықтарды кеңейту және ауылдық округтер бюджеттерінің кірістерін ұлғайту жолымен жергілікті мемлекеттік басқару және жергілікті өзін-өзі басқару органдары өкілеттіктерінің аражігін кезең-кезеңімен ажырату бойынша шаралар қабылданатын болады.

Бұл үшін тән емес, қайталанатын, жетіспейтін функцияларды анықтай отырып, мемлекеттік басқару деңгейлері бөлінісінде функциялар мен өкілеттіктерге талдау жүргізілетін болады. Осы жұмыстың қорытындысы бойынша мемлекеттік басқару деңгейлері арасында, оның ішінде облыстық, қалалық, аудандық және ауылдық деңгейлердегі жергілікті атқарушы органдар арасында функцияларды беру, сондай-ақ оларды алып тастау, қайта бөлу жөніндегі ұсыныстар тұжырымдалатын болады.

Бастапқы кезеңде "Қазақстан Республикасындағы жергілікті өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңы қабылданатын болады.

Бұл ретте өкілеттіктерді қайта бөлу мемлекеттік органдардың жаңа функцияларды орындауға кадрлық және материалдық-техникалық қамтамасыз етілуі тұрғысынан әзірлігі ескеріліп жасалатын болады.

Бұдан басқа, орталық деңгейден облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдарына мынадай:

тұрмыстық зорлық-зомбылыққа ұшыраған білім алушылар мен тәрбиеленушілердің қажеттіліктеріне талдау жүргізуді, оларға арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтер ұсынуды қамтамасыз ету;

әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы (тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласында) істерді қарау жөніндегі және басқа да өкілеттіктер беріледі.

Жергілікті өзін-өзі басқару институтының тиімділігін арттыру үшін ауыл әкімдері мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының дербестігін кеңейту талап етіледі.

Өз кезегінде, жергілікті өзін-өзі басқару институтының әлеуетін ескере отырып, мынадай:

қоғамдық орындарды абаттандыру және сыртқы безендіру мәселелерін шешу;

көрме-жәрмеңке қызметін ұйымдастыру; қабірлерге арналған жер учаскелерін есепке алу және тіркеу; коммуналдық қалдықтарды бөлек жинауды ұйымдастыру; өз құзыреті шегінде ақпараттық жүйелерді қолдана отырып, электрондық қызметтер көрсету жөніндегі және басқа да функцияларды аудан деңгейінен ауыл деңгейіне беру маңызды қадам болады.

Функцияларды жергілікті өзін-өзі басқару деңгейіне беру ағымдағы проблемаларды уақтылы анықтау және шешу, сондай-ақ ауылдық округтің әлеуметтік-экономикалық дамуына бағытталған нақты міндеттерді айқындау үшін жағдай жасауға тиіс.

Мемлекеттік басқару және жергілікті өзін-өзі басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату әкімдердің жергілікті маңызы бар міндеттерді шешу үшін ресурстарды тиімді пайдалану бөлігінде жауапкершілігін арттыруға мүмкіндік береді.

Азаматтарды жергілікті өзін-өзі басқаруға тарту

Азаматтардың белсенділігі жергілікті өзін-өзі басқару органдарының тиімді қызметінің басты шарты болып табылады. Мемлекеттік органдар, оның ішінде жергілікті өзін-өзі басқару органдары халықпен кері байланыстың қазіргі заманғы құралдарын тиімді пайдалануды үйренуге тиіс. Ауыл әкімінің азаматтар алдындағы ашықтығы мен есептілігі деңгейін арттыру бойынша шаралар қабылдау талап етіледі.

Халықтың шешімдер қабылдауға тартылуы басқару сапасын өзгертуге, азаматтық белсенділікті арттыруға, мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қызметін ашық етуге тиіс.

Инфрақұрылымдық және әлеуметтік бастамаларға бағытталған қоғамдық маңызы бар шығыстар бөлігінде онлайн-сауалнамалар қолдануды қоса алғанда, қоғамдық сараптамадан өту тетіктері арқылы жергілікті бюджеттерді бекіту процесіне бақылауды күшейту жөнінде шаралар қабылданатын болады.

Жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту халықтың құқықтық сауаттылығы мен азаматтық құқықтық санасының деңгейін арттыруды талап етеді. Бұл үшін бірінші кезекте жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшелері үшін, оның ішінде үкіметтік емес ұйымдардың әлеуетін пайдалана отырып, жергілікті өзін-өзі басқару негіздеріне оқыту бойынша ақпараттық-түсіндіру іс-шараларын жүргізу қажет.

Бірнеше жыл бойы елдің әлеуметтік-саяси дамуына Интернеттің эсері күшейгені байқалды, ол қоғамдық пікірталастар жүргізуге, азаматтардың хабардар болуына және қоғамдық мәселелерге тартылуына қосымша мүмкіндіктер береді. Цифрлық технологиялардың дамуы көптеген әлеуметтік және экономикалық міндеттерді шешуде қозғаушы күшке айналды.

Қазіргі заманғы трендтерді ескере отырып, Мемлекеттік органдар интернет-ресурстарының бірыңғай платформасы базасында функционалды іске асыру қажет, онда ауылдық округтердің даму жоспарлары, бюджетке түсетін түсімдер туралы мәліметтер, жергілікті өзін-өзі басқарудың өкілді органының шешімдері, азаматтық бюджет және басқалар міндетті түрде жарияланатын болады.

Бұл портал жергілікті өзін-өзі басқару органдарының жергілікті қоғамдастықпен өзара іс-қимыл жасасуына, азаматтық бастамаларды қарау мен басқа мәселелерді шешуге арналған алаңға айналады. Ақпарат әрдайым өзекті және барлық азаматтарға қолжетімді болуға тиіс.

Жергілікті қоғамдастықтарда кезең-кезеңмен жобалар конкурстары өткізілетін болады. Тұрғындардың көпшілігі дауыс беретін, аумақтарды көгалдандыруға, ортақ пайдаланылатын орындарды (саябақтар, скверлер, спорт және ойын алаңдары және өзге де объектілер) жасауға және жөндеуге бағытталған үздік жобалар ауылдық округ бюджетінің мүмкіндіктері ескеріле отырып, одан тиісті бюджеттік бағдарламалар шеңберінде қаржыландырылатын болады, Конкурстарды өткізу үшін қаражат көлемін өкілді орган айқындайтын болады.

Сонымен қатар, қазіргі мәдениет үйлерінің базасында "Community center" (қоғамдық орталық) - ауыл тұрғындарын тарту және ауылдың қоғамдық-мәдени тыныс-тіршілігі орталықтарын ұйымдастыруды көздеу қажет, онда кітапханалар, акт залдары, электрондық мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді алу үшін жағдайлар, сондай-ақ тұрмыстық қызметтердің басқа да салалары орналасуы мүмкін. Бұл объект жергілікті қоғамдастықтың коллаборациясы (ынтымақтастығы) орнына айналуға тиіс.

Азаматтық білім берудің құрамдас бөліктерінің бірі жастарды жергілікті маңызы бар мәселелерді шешу үшін қоғамдық бастама танытудың маңызды екенін түсінуге тәрбиелеу болады.

Бұл үшін білім беру ұйымдарында оқушыларды шешім қабылдау процесіне тарту жөніндегі іс-шараларды, оның ішінде пікірсайыстарды, пікірталастарды, өзін-өзі басқару апталарын, конкурстар мен басқаларды көздеу ұсынылады.

Жергілікті қоғамдастық жиындарын калыптастыру тәртібі және олардың өкілеттіктері, сондай-ақ азаматтарды, оның ішінде қазіргі заманғы тәсілдер мен цифрлық технологияларды пайдалана отырып тарту құралдары заңнамалық тұрғыда белгіленетін болады. Жергілікті өзін-өзі басқаруды дамытудың және азаматтық белсенділікті арттырудың тиімді құралы ретіндегі интернет-қоғамдастықтардың маңыздылығын да ескеру қажет.

Жоғарыда көрсетілген іс-шараларды іске асыру жергілікті өзін-өзі басқаруды одан әрі дамытуда табысты сабақтастықты қамтамасыз етуге, сондай-ақ жергілікті маңызы бар мәселелерді қарау мен шешуді сапалық жаңа деңгейге шығаруға мүмкіндік береді.

Ауылдық округтердегі жергілікті өзін-өзі басқару органдарын жетілдіру

Жергілікті өзін-өзі басқару органдарының рөлін арттыру мақсатында жергілікті маңызы бар мәселелер бойынша шешімдер қабылдайтын өкілді орган құру талап етіледі.

Жергілікті қоғамдастық жиыны жергілікті өзін-өзі басқарудың негізгі органы болып табылады, ол жекелеген елді мекендерде немесе елді мекеннің құрамдас бөліктерінде бөлек жиындар өткізу арқылы ауылдық округтерде жергілікті қоғамдастықтың өкілдерінен қалыптастырылады.

Бұл ретте жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің қолданыстағы тәртібін сақтаған жөн.

Жергілікті қоғамдастық жиынының басым міндеттерді, оларды іске асыру мерзімдерін айқындау, жергілікті қоғамдастықты дамыту жоспарын келісу, әкімшілік-аумақтық құрылысты өзгерту, ауылдық округ әкімінің есептерін тыңдау мәселелері бойынша өкілеттіктері кеңейтіледі.

2024 жылдан бастап ауылдық округтерде жергілікті қоғамдастықтың жиналысы өкілді орган - Кеңес болып қайта құрылатын болады.

Кеңестің қызметін әкім аппараты (жергілікті өзін-өзі басқару әкімшілігі) қамтамасыз етеді.

Кеңес оның мүшелерінен және төрағасынан тұратын болады. Кеңес төрағасы Кеңес мүшелерінің қатарынан ашық немесе жасырын дауыс беру арқылы Кеңес мүшелері жалпы санының көпшілік дауысымен айқындалатын болады. Кеңес төрағасы Кеңес өкілеттігінің мерзіміне сайланады.

Кеңес мүшелерінің саны "Қазақстан Республикасындағы жергілікті өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленетін болады.

Кеңес құрамы тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік халқының санына байланысты болады.

Кеңес мүшелерін азаматтар бес жыл мерзімге тікелей сайлайтын болады.

Сайлау процесін ұсынылатын тәсілдермен үйлестіру мақсатында "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңында регламенттелген өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдарына сайлау өткізу тәртібі жаңартылатын болады.

Жергілікті қоғамдастық жиынына Кеңесті тарату өкілеттігі берілетін болады.

Кеңес тиісті аумақта күші бар құқықтық актілерді қабылдайтын болады.

Кеңес қабылдаған құқықтық актілер бұқаралық ақпарат құралдарында міндетті түрде жариялануға тиіс болады.

Кеңестің өкілеттіктеріне жергілікті қоғамдастықтың жиынымен келісілген жергілікті қоғамдастықты дамыту жоспарын, бюджетті бекіту, оның атқарылуын бақылауды жүзеге асыру, сондай-ақ жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын және тиісті аумақта орналасқан мемлекеттік мекемелер мен ұйымдар басшыларының тағайындалуын келісу кіретін болады.

Бұдан басқа, Кеңес елді мекендерді абаттандыру, оның санитариясы, көше саудасы, мерекелік іс-шаралар мен конкурстар өткізу мәселелерін реттейтін болады.

Кеңеске жергілікті өзін-өзі басқару әкімшілігі тұрғындарға көрсететін қызметтер үшін тарифтерді бекіту, сондай-ақ заңнамада айқындалған салықтар мен төлемдер мөлшерлемесінің мөлшерін реттеу, мысалы:

жер салығының базалық мөлшерлемелерін ұлғайту немесе азайту;

мүлік салығы бойынша салық базасын анықтау үшін аймақтарға бөлу коэффициентін белгілеу және басқалар бойынша құзыреттер де беріледі.

Кеңестің қызметін отырыстарды дайындау, хаттама жүргізу, Кеңес мүшелерінің қолдарын жинау бөлігінде және басқа да мәселелер бойынша ұйымдастырушылық-техникалық қамтамасыз ету де аппараттың (әкімшіліктің) функциясы болып табылады.

Осылайша, Кеңестің құрылуы азаматтарға барынша жақын өзін-өзі басқарудың төменгі деңгейін құруға негіз болады. Кеңес мүшелерін тікелей сайлау арқылы азаматтар жергілікті қоғамдық-саяси өмірге қатыса алады.

Ауылдың округтің әкімі

Ауылдық округтің әкімі азаматтар тікелей сайлайтын атқарушы органның - әкім аппаратының (жергілікті өзін-өзі басқару әкімшілігінің) басшысы болып табылады.

Кандидаттар үшін базалық біліктілік талаптары - жоғары білімі және белгілі бір жұмыс тәжірибесі болған жағдайда 25-тен кем емес жас шегі белгілене отырып, ауылдық округтің әкіміне кандидаттар ұсынуды саяси партиялар жүзеге асырады, сондай-ақ ол өзін-өзі ұсыну тәртібімен жүзеге асырылады.

Ауылдық округ әкімінің лауазымына алғаш рет сайланған адамдар Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы білім беру ұйымдарында және олардың филиалдарында арнаулы бағдарлама бойынша тиісті оқудан өтуге тиіс.

Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәслихатына ауылдық округ әкімінің өкілеттігін заңнамада бекітілген негіздер бойынша, оның ішінде қанағаттанарлықсыз жұмыс нәтижелері, әдепсіз мінез-құлқы үшін және басқа да себептер бойынша мерзімінен бұрын тоқтату құқығы беріледі. Жергілікті қоғамдастық жиналысының (ол қайта құрылғаннан кейін - Кеңестің) мәслихат алдында әкімнің өкілеттігін тоқтатуға бастамашылық жасауға құқығы болады.

Бұл ретте қазіргі кезеңде ауылдық округ әкімінің мәртебесін мемлекеттік әкімшілік қызметшілерге жатқызған жөн. Кейіннен жоғары тұрған әкімдерді тікелей сайлау енгізілген кезде әкімдерді мемлекеттік саяси қызметшілерге не сайланбалы лауазымдардың жаңа санатына жатқызу мәселесін қарау керек.

Алдағы уақытта ауылдық округ әкімдерін тікелей сайлау қорытындылары бойынша егжей-тегжейлі талдау негізінде сайлау процесіне түзетулер енгізілуі мүмкін.

Ауылдық округ әкімі Кеңес шешімдерінің орындалуын ұйымдастыруды және қойылған міндеттерді іске асыруды қамтамасыз етеді.

Ауылдық округ әкімінің негізгі функцияларына: жер қатынастарын реттеу, елді мекендерді сумен жабдықтауды қамтамасыз ету, халықтың әлеуметтік жағынан осал топтарын есепке алу және оларға көмек көрсетуді ұйымдастыру, елді мекендерді абаттандыру, жарықтандыру, көгалдандыру және санитариялық тазарту жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру және басқалар кіреді.

Кейіннен функционалдық талдау және орталықсыздандыру нәтижелері бойынша ауылдық округ әкімдерінің өкілеттігі кеңейтіледі.

Ауылдық округ әкіміне Кеңеспен бірлесіп, жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық меншігіне берілуге жататын мүлік түрлерін айқындау құқығы берілетін болады.

Сонымен қатар, ауылдық округтің әкімі өзіне жүктелген функцияларды іске асыру үшін Кеңес алдында жауапты болады. Өз кезегінде сайланған әкім жүргізіліп жатқан жұмыс үшін халық алдында есеп беретін болады.

Ауылдық округтің әкіміне тыныс-тіршілікті қамтамасыз етудің инфрақұрылымдық және басқа да әлеуметтік маңызды объектілерін дамытуға бағытталған функцияларды беру осы мәселелерді жедел шешуге оңынан ықпал ететін болады.

Атқарушы органның жаңа құрылымы — жергілікті өзін-өзі басқару әкімшілігі

Бүгінгі күні ауылдық округ әкімі аппаратының жұмысы жергілікті маңызы бар мәселелерді ұдайы шешумен, тұрғындармен тікелей өзара іс-қимыл жасаумен байланысты. Осыған орай олардың ағымдағы міндеттерді шешуде барынша жедел болуын қамтамасыз ету үшін жекелеген қағидалар мен тәртіптерді әзірлеу талап етіледі

Шетелдік тәжірибені талдауды ескере отырып, қазіргі әкім аппаратының орнына жергілікті өзін-өзі басқару әкімшілігінің жаңа ұйымдық-құқықтық нысаны әзірленетін болады.

Пилоттық жоба шеңберінде қазіргі ауылдық округ әкімі аппаратының орнына жергілікті өзін-өзі басқару әкімшілігін құру сынақтан өткізілетін болады. Жергілікті өзін-өзі басқару әкімшілігіне елді мекендерді абаттандыру, санитариялық тазалау, көгалдандыру жөніндегі жұмыстарды өз бетінше орындауға, сондай-ақ Кеңестің шешімі бойынша жергілікті тұрғындарға өтеулі негізде қызметтер көрсетуге заңнамалық тұрғыда мүмкіндік беріледі. Жергілікті маңызы бар мәселелерді шешуде икемділікті, жеделділік пен тиімділікті қамтамасыз ету үшін жергілікті өзін-өзі басқару әкімшілігінің қызметіндегі көптеген бизнес-процестер оңтайландырылады.

Осыған байланысты әкімшіліктің кадрлық құрамын қалыптастыру өзгеше тәртіппен жүзеге асырылатын болады.

Бұл ретте жергілікті өзін-өзі басқару әкімшілігі қызметшілерінің штат саны ауылдық округтер үшін штат санының лимиті шеңберінде айқындалатын болады.

Өз кезегінде, ауылдық округ әкімі бюджет қаражатын үнемдеу есебінен еңбек шарты бойынша қосымша жұмыскерлерді қабылдай алады.

Еңбек шарты бойынша жалданатын қызметкерлердің тізбесі өндірістік қажеттілік ескеріле отырып, Кеңестің шешімі бойынша қалыптастырылады және жергілікті өзін-өзі басқару әкімшілігінің қосалқы қызметі болып табылады.

Бұдан басқа, жергілікті өзін-өзі басқару әкімшілігіне жұмысқа білікті және тәжірибелі кадрларды тарту мақсатында әлеуметтік-қаржылық қолдау шаралары (жалақыға үстемеақы, тұрғын үй беру, біржолғы көтерме төлемдер және басқалар) көзделетін болады.

Жергілікті өзін-өзі басқару әкімшілігінің функцияларына тиісті ауылдық округ әкімінің қызметін және ауылдық округтің тыныс-тіршілігін қамтамасыз ету кіретін болады. Пилоттық жобаның қорытындысы бойынша жергілікті өзін-өзі басқару әкімшілігін одан әрі енгізу қаралады.

Аудан әкімімен өзара іс-қимыл

Ауылдық округ әкімі заңнамада көзделген ауылдық округ әкімінің құзыреттері шеңберінде аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімімен өзара іс-қимыл жасайтын болады.

Фискалдық орталықсыздандыру

Жергілікті өзін-өзі басқаруды нығайту жергілікті өзін-өзі басқару бюджетінің қаржылық мүмкіндіктерін күшейте отырып жалғастырылады.

Жергілікті маңызы бар мәселелерді шешуде жоғары тұрған деңгейге қаржылық тәуелділікті біртіндеп төмендету керек. Қолданыстағы кіріс көздері жергілікті өзін-өзі басқару бюджетіне түсімдердің қосымша түрлерін беру есебінен ұлғаяды.

Ауылдық округ әкімі жер учаскелерін меншік иелерінің ұтымды және нысаналы пайдалануына жауапты болғандықтан, жер учаскелерін пайдаланудан түсетін барлық түсімдерді жергілікті өзін-өзі басқару бюджетіне беру қажет.

Жергілікті өзін-өзі басқарудың кіріс базасын одан әрі кеңейту үшін

2022 жылы бюджеттің төртінші деңгейіне салықтар мен төлемдердің мынадай түрлері:

бірыңғай жер салығы;

жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлемақы;

жер учаскелерін сатудан түсетін түсімдер;

жер учаскелерін жалдау құқығын сатқаны үшін төлемақы берілетін болады.

2024 жылы мынадай салықтар мен төлемдерді беру жалғасады:

су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы;

жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алым;

жекелеген қызмет түрлерімен айналысуға арналған лицензияларды пайдаланғаны үшін төлемақы.

Шағын және орта бизнестен түсетін корпоративтік табыс салығын облыс, аудан және ауыл арасында бөлу де көзделетін болады.

Азаматтардың жалпыға бірдей декларациялануы енгізілгеннен кейін көлеңкелі экономиканы төмендету мақсатында жергілікті өзін-өзі басқару бюджетіне төлем көзінен салық салынатын кірістерден жеке табыс салығын және әлеуметтік салықты беру мәселесі қаралатын болады.

Жергілікті өзін-өзі басқару бюджеті коммуналдық меншіктен және көрсетілетін қызметтерді ұсынадан түсетін түсімдерден де қалыптастырылатын болады.

Қолданыстағы салық салынатын базаны ұлғайту үшін "1+1" салық мәдениетін арттыру бойынша ынталандыру тетігін енгізген жөн, яғни қаржы жылының қорытындысы бойынша салықтарды жинау жөніндегі түсімдер нақты өскен кезде жоғары тұрған деңгей елді мекеннің даму әлеуетін ескере отырып, өсім сомасына нысаналы трансферттер бөлетін болады.

Бюджетаралық қатынастар жүйесі өңірлердің өзін-өзі қамтамасыз етуін ынталандыруға және жергілікті бюджеттердің республикалық нысаналы трансферттерге тәуелділігін төмендетуге бағытталады.

Осыны ескере отырып, бюджетаралық қатынастар, тиісінше барлық деңгейдегі (республика - облыс, облыс - аудан, аудан - ауыл) жалпы сипаттағы бюджетаралық трансферттер де жергілікті атқарушы органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару

органдарын өңірлік экономиканы дамытуға және жергілікті бюджеттердің кірістерін ұлғайтуға, өңірлердің республикалық бюджетке тәуелділігін азайтуға ынталандыруға бағытталатын болады

"Орталық - өңір" қатынасын ғана емес, өңір ішіндегі қаражатты бөлуді де ескеретін өңірлерді бюджеттік қаржыландыру моделін қайта қараған жөн.

Перспективада барлық деңгейдегі бюджеттер арасындағы қарсы трансферттерді барынша азайта отырып, бюджеттік алып қоюлар біртіндеп жойылады,

Жалпы сипаттағы трансферттерді айқындау кезінде оларды есептеу әдістемесі жетілдірілетін болады.

Жалпы сипаттағы трансферттерді есептеу кезінде қолданылатын көрсеткіштер мен коэффициенттер олардың өзектілігі мен өңірлік ерекшелігі, халықтың өмір сүру деңгейін арттыруға бағдарланғаны ескеріле отырып қайта қаралатын болады.

Бұл ретте жергілікті атқарушы органдардың бюджеттік субвенцияларды пайдалануын бақылау күшейтіледі.

Ауылдық бюджеттерге қатысты 2023 жылдан бастап жоғары тұрған бюджетке бюджеттік алып қою тетігі қолданылмайтын болады.

Жергілікті бюджеттердің атқарылу икемділігін арттыру үшін қосымша құралдар жасалатын болады.

Жергілікті өзін-өзі басқаруға қосымша кіріс көздерінің берілуін ескере отырып, жұмсау өкілеттіктерін кеңейту қажет. Салықтық және салықтық емес төлемдер есебінен ауылдық округтің бюджетіне түсетін өз кірістерінен алынатын қаражат тек қана ауылдық округті дамытуға және жергілікті қоғамдастықтың бастамасы немесе келісімі бойынша жергілікті маңызы бар мәселелерді шешуге бағытталатын болады.

Бұл ретте жергілікті өзін-өзі басқару бюджетімен жұмыс істеудің ерекше тәртібі енгізіледі, ол бизнес-процестерді елеулі түрде оңтайландыруға, есептілікті қолмен ұсынуды жоюға, бюджеттік бағдарламаларды ірілендіруге және басқаларға мүмкіндік береді.

Бюджеттік рәсімдерді оңайлату үшін жергілікті өзін-өзі басқарудың бюджетін түзету көзделетін болады. Бұл шара жергілікті қоғамдастықтың жиналысымен (Кеңеспен) келісу бойынша қаражатты бюджеттік бағдарламалар арасында неғұрлым басым мақсаттарға қайта бөлуге мүмкіндік береді.

Ауылдық округтің әкіміне салық түсімдерін қамтамасыз ету құралдарын, оның ішінде мемлекеттік органдардың ақпараттық базаларына қолжетімділік ұсыну арқылы берген жөн. Жергілікті тұрғындардың қоғамдық бақылау жүргізу үшін мониторинг және қаражатты нысаналы пайдалану бойынша комиссия құруға құқығы болады.

Жергілікті өзін-өзі басқарудың мүліктік кешенін кеңейту мақсатында коммуналдық меншікке құқық белгілейтін құжаттарды ресімдеу рәсімдерін оңайлату мәселесін шешу қажет. Осыған байланысты жергілікті атқарушы органдар өздеріне бекітілген объектілерге, оның ішінде иесіз активтерге түгендеу жүргізетін болады. Түгендеу

жүргізілгеннен кейін коммуналдық объектілердің тізбесі жасалады, олар бойынша тіркеу мен есепке қоюдың кезең-кезеңімен оңайлатылған тәртібі қолданылатын болады.

Бұдан басқа, уәкілетті орган ауылдық округтердегі объектілер үшін үлгілік жобалау-сметалық құжаттама әзірлейтін болады. Сол арқылы жобалау-сметалық құжаттамаларды әзірлеу шығыстары айтарлықтай қысқарады.

Қалдықтарды басқару, сумен жабдықтау, су бұру, көлік қатынасымен қамтамасыз ету, жайылымдарға, шөп шабуға арналған жер учаскелерін анықтау сияқты ортақ міндеттерді шешу үшін жергілікті қоғамдастықтар өз деңгейінде кооперация жасауға мүмкіндік алады.

Жергілікті өзін-өзі басқару органдары елді мекендердің тұрғындарын сапалы көрсетілетін қызметтермен қамтамасыз ету үшін қаржы ресурстарымен нығайтылған жеткілікті өкілеттіктер мен құралдарға ие бола алады.

Жергілікті өзін-өзі басқару органдарының жауапкершілік саласы аумақтарды абаттандыру, жергілікті көлік, әлеуметтік және өзге де инфрақұрылым, базалық қызметтер көрсету, сондай-ақ сабақтас, бірлесіп пайдаланылатын инфрақұрылым объектілерін және басқаларды дамыту мәселелерін қамтиды.

Қалаларда жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту

2020 жылдан бастап астанада, республикалық және облыстық маңызы бар қалаларда "халық қатысатын бюджет" енгізілді. Бұл құрал тұрғындардың аумақтарды абаттандыру, көгалдандыру және санитариялық тазарту жөніндегі жобаларға бастама жасауына мүмкіндік береді,

Халықты белсенді түрде тарту үшін Мемлекеттік органдар интернет-ресурстарының бірыңғай платформасындағы модуль пайдаланылады, онда нақты уақыт режимінде тиісті жобаларды қадағалауға болады.

Қалаларда өзін-өзі басқаруды енгізу мәселесі азаматтар санының көптігін және цифрлық технологиялардың дамуын ескере отырып, мұқият зерттеліп, жасалатын болады.

Кейіннен тұрғындар "халық қатысатын бюджет" шеңберінде ұсынған жобаларды іске асыру, оның ішінде осы бастама шеңберінде іске асырылатын жобаларды қаржыландыру үшін бөлінетін қаражатты ұлғайту жолымен іске асыру жөніндегі жұмыс жалғастырылады.

Өңірлерде "халық қатысатын бюджеттің" жаппай енгізілуіне мониторинг жүргізу, халықты осы процеске тарту жөніндегі жұмыс, сондай-ақ халықты "халық қатысатын бюджеттің" жобалары туралы жүйелі хабардар ету мақсатында жобалық ұсыныстар бойынша дауыс беру рәсімі аяқталғаннан кейін қорытынды шығарылатын болады.

Бұл ретте тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің оннан аз адамы дауыс берген жобалық ұсыныстар іске асыруға жіберілмейді.

"Халық қатысатын бюджеттің" жобалық ұсыныстары бойынша дауыс беру нәтижелері және тиісті шешім әкімдіктің (әкім аппаратының) интернет-ресурсында және бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануға тиіс болады.

Ақпараттық технологиялардың дамуын ескере отырып, қалалардағы жергілікті өзін-өзі басқару цифрлық форматта дамитын болады.

2024 жылы облыстарда аудан әкімдерінің тікелей сайлауын өткізу де жергілікті өзін-өзі басқаруды дамытудың келесі қадамдарының бірі болады.

Кандидаттар ұсынуды саяси партиялар өз мүшелері арасынан жүзеге асырады, сондай-ақ ол өзін-өзі ұсыну тәртібімен жүзеге асырылатын болады.

Алдағы уақытта қаладағы аудандар мен облыстық маңызы бар қалалар әкімдерінің сайланбалылығын енгізу керек.

Қалалардағы өзін-өзі басқаруды ынталандыру азаматтардың конституциялық құқықтарын іске асыруға және жергілікті мемлекеттік басқару органдарының халықтың қажеттіліктері мен проблемаларына ден қоюын арттыруға бағытталған.

Барлық деңгейдегі мәслихаттар жұмысының тиімділігін арттыру

Мәслихаттардың жұмысын ашық ете отырып, олардың қызметіне жаңа серпін беру керек. Ол үшін мәслихат отырыстарын онлайн-трансляциялауды енгізу көзделген. Депутаттар қабылдаған шешімдер азаматтарға қолжетімді және ашық болады.

Облыстық (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) мәслихаттар тұрақты комиссия төрағасының қосымша екі сайланбалы тұрақты лауазымымен күшейтілетін болады. Мәслихаттар өз қызметін тұрақты негізде жүзеге асыратын тұрақты комиссия төрағаларының функцияларын өңірлердің ерекшелігін ескере отырып, айқындайтын болады.

Мәслихаттардың депутаттары мен хатшыларының құқықтық мәртебесі жиындар мен Кеңестердің отырыстарына қатысу, мәслихат сессиясында азаматтардың қоғамдық маңызы бар жолданымдарын жария ету, мәслихаттардың құрылатын тұрақты және уақытша комиссияларының құрамына кандидатуралар ұсыну, мәслихатқа заңнамалық актілердің орындалуын тексеру қажеттігі туралы ұсыныстар енгізу сияқты қосымша өкілеттіктер беру арқылы арттырылатын болады.

Бұдан басқа, мәслихаттардың депутаттарына өңірді дамыту немесе жергілікті проблемалар бойынша петициялар жасау (қол жинау) құқығы беріледі. Тиісінше петицияларды одан әрі жан-жақты талқылауды регламенттеу және қорытынды шешімдер қабылдау бойынша жұмыс жүргізілетін болады.

Мәслихаттар жұмысының тиімділігін арттыру үшін мәслихат депутаттары өз өкілеттігінің алғашқы екі жылында өз біліктілігін арттыруға мүмкіндік алады.

Тексеру комиссияларының қызметін күшейту

Ескерту. Кіші бөлім жаңа редакцияда – ҚР Президентінің 26.11.2022 № 5 Жарлығымен.

Тексеру комиссияларының сыртқы мемлекеттік аудит органдары ретіндегі мәртебесі едәуір арттырылды, ал олардың өкілеттіктері мен функциялары айтарлықтай кеңейді. Қазіргі уақытта тексеру комиссиялары жергілікті бюджеттің атқарылуына сыртқы мемлекеттік аудитті және қаржылық бақылауды жүзеге асыратын дербес мемлекеттік органдар болып табылады.

Тексеру комиссияларын жергілікті бюджет қаражаты есебінен қамту мәселесінде қаржылық дербестікті қамтамасыз ету үшін оларды Қазақстан Республикасының Жоғары аудиторлық палатасын (бұдан әрі – Жоғары аудиторлық палата) Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің бейінді комитеттері арқылы қаржыландыру тәртібіне ұқсас мәслихаттың тұрақты комиссиясы арқылы қаржыландырудың жеке тәртібін қолдану ұсынылады.

Сонымен қатар, тексеру комиссиялары мүшелерінің біліктілік деңгейін арттыру мақсатында мәслихат тексеру комиссияларының мүшелерін тағайындауды тексеру комиссиясы төрағасының ұсынуы бойынша Жоғары аудиторлық палатамен келісе отырып, жүзеге асыратын болады.

Мемлекеттік бақылау органдарының жеделдігін арттыру үшін мемлекеттік аудиторларға басқа мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелеріне қолжетімділік беру де қажет.

Ауылдық округ әкімі қызметінің ашықтығын қамтамасыз ету үшін тексеру комиссиялары көшпелі/онлайн-отырыстарды жүзеге асыра отырып, Кеңеске аудиторлық тексерудің қорытындыларын ұсынатын болады.

Аудиторлық тексерулердің қорытындылары бойынша әкімнің халықпен, оның ішінде тексеру комиссиялары төрағасының немесе мүшелерінің қатысуымен есеп беру кездесулері өткізілетін болады.

Әкімшілік-аумақтық құрылысты жетілдіру

"Адамдар инфрақұрылымға" моделіне көшуді назарға ала отырып, азаматтардың пікірін міндетті түрде ескеріп және олардың өмір сүру сапасын арттыру мүддесінде әкімшілік-аумақтық құрылысты жетілдіру (ірілендіру, біріктіру, қайта бағындыру) қажет.

Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі аумақтық даму жоспарын іске асыру үшін әрбір әкімшілік-аумақтық бірліктің қалалық және ауылдық елді мекендері үшін экономикалық, әлеуметтік, инвестициялық және басқа да талаптар мен өлшемшарттар айқындалатын болады, бұл елдің әкімшілік-аумақтық құрылысын одан әрі жетілдіру пайымының кезең-кезеңдік жоспарын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Қалалық және ауылдық елді мекендердің әкімшілік мәртебесін өзгерту жөніндегі шешімнің алдында оның негізділігі, оның ішінде негізгі демографиялық параметрлер, экономикалық белсенділік, тыныс-тіршілікке қажетті инфрақұрылымның барлық түрлерінің қолжетімділігі мен қашықтығы бойынша талдау жүргізіледі.

Ауылдық елді мекендердің нақты жағдайлары мен орналасқан жеріне талдау жүргізуді ескере отырып, жергілікті өзін-өзі басқару бюджетінің қаражатын ұтымды пайдалануды қамтамасыз ету мақсатында ауылдық округтерді біріктіру мүмкіндігі бойынша заңнамалық шаралар тұжырымдалатын болады.

Қаланың мәртебесін — өзге елді мекендерге (5 жыл ішінде), ауылдың/кенттің мәртебесін өзге елді мекендерге (3 жыл ішінде) өзгерту үшін мынадай өлшемшарттарға талдау жүргізілетін болады: халық санының динамикасы; халықтың ішкі және сыртқы көші-қоны; қала алаңы;

басқа елді мекендерді қалаға қосу (одан бөліп шығару) мүмкіндігі; қызмет түрлері бойынша халық санын бағалау (ауыл шаруашылығында, өзін-өзі жұмыспен қамтығандар және т.б.);

маятниктік еңбек көші-қонын бағалау (күнделікті еңбек ағындары), қай елді мекеннен қайсы елді мекенге, адамдар саны, көлік саны;

дамыған өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылымның болуы (өнеркәсіп орындары, коммуналдық шаруашылық, мемлекеттік тұрғын үй қоры, оқу және мәдени-ағарту, емдеу, сауда объектілерінің желісі);

елді мекен мәртебесінің өзгеру ықтималдығы туралы халықтың пікірі. Әкімшілік-аумақтық құрылысты ретке келтіру мақсатында "кент" санатын алып тастау керек. Тиісті жұмыстарды іске қосу үшін ЭЫДҰ елдерінің мысалында халықаралық тәжірибені ескере отырып, әкімшілік-аумақтық құрылыс стандарттарын әзірлеу қажет.

5-бөлім. Қазақстан Республикасында жергілікті өзін-өзі басқаруды дамытудың негізгі қағидаттары

Қазақстан Республикасында жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту және оның органдарының қызметі мынадай қағидаттарға негізделеді:

1) азаматтардың жергілікті маңызы бар мәселелер бойынша шешімдер қабылдау процесіне қатысуы және олардың орындалуын бақылауды жүзеге асыру үшін жағдайларды қамтамасыз ету;

2) халықтың пікірін ескеру;

3) жергілікті өзін-өзі басқару органдарының сайланбалығы;

4) заңдылық;

5) жергілікті өзін-өзі басқару органдарының жергілікті халық алдындағы бүкпесіздігі, ашықтығы және есептілігі;

6) жергілікті өзін-өзі басқару органдарының ұйымдастырушылық, экономикалық және қаржылық дербестігі;

7) жергілікті өзін-өзі басқару және мемлекеттік басқару органдарының функциялар мен өкілеттіктердің аражігін ажырату, елдің қалалық және ауылдық елді мекендерін дамыту үшін ынтымақтастығы мен өзара жауапкершілігі негізінде өзара іс-қимыл жасауы;

8) жергілікті маңызы бар мәселелерді шешу кезінде жалпы мемлекеттік мүдделерді сақтау;

9) мемлекет тарапынан жергілікті өзін-өзі басқаруды қолдау.

6-бөлім. Күтілетін нәтижелер

Тұжырымдаманы іске асыру азаматтардың жергілікті деңгейде мемлекетті басқарудағы рөлін күшейтуге мүмкіндік береді. Жергілікті өзін-өзі басқару органдары дербестік және жергілікті маңызы бар мәселелерді жедел әрі тиімді шешуге мүмкіндік алады.

Негізгі күтілетін нәтижелер:

1) 2023 жылы - жергілікті өзін-өзі басқару сапасындағы қоғамдық қатынастарды, жергілікті өзін-өзі басқару органдарын құру және олардың қызметі мәселелерін реттейтін "Қазақстан Республикасындағы жергілікті өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңын қабылдау;

2) 2021 жылдың екінші жартыжылдығынан 2025 жылдың бірінші жартыжылдығына дейін - ауылдық округтердің 2,5 мың әкімін 2021

2025 жылдар ішінде жергілікті тұрғындардың тікелей дауыс беруі арқылы қайта сайлау;

3) 2024 жылдан бастап - барлық ауылдық округтерде өкілді органның Кеңестің жұмыс істеуі;

4) 2022 жылы - барлық деңгейдегі мәслихаттарды отырыстардың онлайн-трансляциясымен қамту;

5) 2024 жылдан бастап - облыстарда аудан әкімдерін тікелей сайлауды енгізу;

6) 2025 жылға қарай жергілікті өзін-өзі басқару органдарының интернет-ресурстарын құру;

7) 3,5 мың ауылдық елді мекенде (тірек және спутниктік) инфрақұрылымды өңірлік стандарттардың параметрлеріне дейін жеткізу.

Жоғарыда көрсетілген шараларды іске асыру 2025 жылға қарай өңірлердің аумақтық, экономикалық, әлеуметтік жағдайларына сәйкес келетін, сондай-ақ тұрғындар мен тұтас мемлекеттің мүдделеріне жауап беретін жергілікті өзін-өзі басқарудың жаңа моделін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Тұжырымдама осы Тұжырымдамаға қосымшаға сәйкес іс-қимыл жоспары арқылы іске асырылатын болады.

Қазақстан Республикасында
жергілікті өзін-өзі басқаруды
дамытудың 2025 жылға дейінгі
тұжырымдамасына ҚОСЫМША

Қазақстан Республикасында жергілікті өзін-өзі басқаруды дамытудың 2025 жылға дейінгі тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспары

Ескерту. Қосымшаға өзгеріс енгізілді – ҚР Президентінің 26.11.2022 № 5 Жарлығымен.

№ р/с	Іс-шараның атауы	Аяқталу нысаны	Орындауға жауаптылар	Орындау мерзімі
1	2	3	4	5
1.	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент және ауылдық округ әкімдерінің тікелей сайлауын өткізу	ҰЭМ-ге ақпарат	мүдделі мемлекеттік органдар, облыстардың әкімдіктері	2021 жылдың II жартыжылдығы - 2025 жылдың I жартыжылдығы
2.	Мыналарды: мемлекеттік басқару және жергілікті өзін-өзі басқару деңгейлері (орталық - облыс - аудан - ауыл) арасында өкілеттіктердің аражігін ажыратуды ; жергілікті өзін-өзі басқарудың алқалы органы - Кеңесті ұйымдастыруды көздейтін " Қазақстан Республикасындағы жергілікті өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасын әзірлеу	заң жобасы	ҰЭМ, мүдделі мемлекеттік органдар, Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының және облыстардың әкімдіктері	2022 жылғы ақпан
3.	Тексеру комиссияларының қызметін: оларды мәслихаттың тұрақты комиссиясы арқылы қаржыландырудың жеке тәртібін қолдану; мәслихаттың тексеру комиссияларының мүшелерін тексеру комиссиясы төрағасының ұсынуы және Жоғары аудиторлық палатамен келісу	заң жобасы	ЖАП, мүдделі мемлекеттік органдар	

	бойынша тағайындауы арқылы күшейту			2022 жылғы желтоқсан
4,	2024 жылғы қаңтар - желтоқсан аралығында әкім аппаратын жергілікті өзін-өзі басқару әкімшілігі етіп қайта құру жөніндегі пилоттық жобаны іске асыру	заң жобасы	ҰЭМ, мүдделі мемлекеттік органдар, облыстардың әкімдіктері	2022 жылғы ақпан
5.	Мыналар арқылы азаматтарды жергілікті өзін-өзі басқаруға тарту құралдарын енгізу:			
5.1	қоғамдық маңызы бар шығыстар бөлігінде қоғамдық сараптама (онлайн-пікіртерім) өткізу;	ҰЭМ-ге ақпарат	мүдделі мемлекеттік органдар, Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының және облыстардың әкімдіктері	2022 жылғы желтоқсан
5.2	жергілікті өзін-өзі басқару негіздері бойынша ақпараттық-түсіндіру іс-шараларын өткізу;	ҰЭМ-ге ақпарат	Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының және облыстардың әкімдіктері	жыл сайын
5.3	жергілікті өзін-өзі басқару органдарының Мемлекеттік органдар интернет-ресурстарының бірыңғай платформасына қол жеткізуін қамтамасыз ету,	ҰЭМ-ге ақпарат	ЦДИАӨМ, мүдделі мемлекеттік органдар, Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының және облыстардың әкімдіктері	2022 жылғы желтоқсан
5.4	"Community center" - ауыл тұрғындарын тарту және ауылдың қоғамдық-мәдени тыныс-тіршілігі орталықтарын ұйымдастыру	ҰЭМ-ге ақпарат	Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының және облыстардың әкімдіктері	2025 жылғы маусым
	оқушылар үшін қосымша білім беру		БҒМ, мүдделі мемлекеттік органдар, Нұр-Сұлтан,	

5.5	шараларын ұйымдастыру	ҰЭМ-ге ақпарат	Алматы, Шымкент қалаларының және облыстардың әкімдіктері	2025 жылғы қазан
6.	Мәслихаттар қызметінің тиімділігін: мәслихат отырыстарының онлайн-трансляциясын енгізу; мәслихат депутаттарына петициялар жасау (кол жинау) құқығын беру арқылы арттыру	ҰЭМ-ге ақпарат	мүдделі мемлекеттік органдар, облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының әкімдіктері, барлық деңгейдегі мәслихаттар	2022 жылғы сәуір
7.	Өңірлерді бюджеттік қаржыландырудың жаңа моделін енгізу	заң жобасы	ҰЭМ, мүдделі мемлекеттік органдар, Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының және облыстардың әкімдіктері	2022 жылғы желтоқсан
8.	Салықтар мен төлемдердің қосымша түрлерін беру жолымен бюджеттің IV деңгейінің кіріс базасын кеңейту	заң жобасы	ҰЭМ, мүдделі мемлекеттік органдар, Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының және облыстардың әкімдіктері	2023 жылғы сәуір
9.	Облыстарда аудан әкімдерінің тікелей сайлауын енгізу	заң жобасы	ҰЭМ, мүдделі мемлекеттік органдар, облыстардың әкімдіктері	2023 жылғы сәуір
10.	Жергілікті өзін-өзі басқарудың мүліктік кешенін:			
10.1	түгендеу жүргізу;	ҰЭМ-ге ақпарат	облыстардың әкімдіктері	2022 жылғы тамыз
10.2	құқық белгілейтін құжаттарды ресімдеу рәсімдерін оңайлату;	ҰЭМ-ге ақпарат	ЦДИАӨМ, мүдделі мемлекеттік органдар	2022 жылғы желтоқсан
10.3	ауылдық округтердегі объектілер үшін үлгілік	ҰЭМ-ге ақпарат	ИИДМ, мүдделі мемлекеттік	2023 жылғы сәуір

	жобалау-сметалық құжаттама әзірлеу арқылы кеңейту		органдар, облыстардың әкімдіктері	
11.	Қалалардағы аудан және облыстық маңызы бар қала әкімдерінің сайланбалылығын енгізу мәселесін пысықтау	Президент Әкімшілігіне ұсыныстар	ҰЭМ, мүдделі мемлекеттік органдар, Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының және облыстардың әкімдіктері	2025 жылғы сәуір
12.	Әкімшілік-аумақтық құрылыс стандарттарын енгізу	ҰЭМ-ге ақпарат	мүдделі мемлекеттік органдар, Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының және облыстардың әкімдіктері	2025 жылғы сәуір

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

БҒМ - Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі

ЖАП – Қазақстан Республикасының Жоғары аудиторлық палатасы

ИИДМ - Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі

ҰЭМ - Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі

ЦДИАӨМ - Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі